Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

# Маяк

Районная еженедельная общественно-политическая газета

жыл 2022 год

23 желтоқсан - декабрь

№51 (64460)

Издается со 2 августа 1939 года

Сайт акима Астраханского района: www.astrahan.akmol.kz / астрахан.мем.қаз /www.astrahan.gov.kz

*Құбылмалы геостратегиялық жағдайда және еліміздің алдында тұрған күрделі міндеттерді орындау үшін біздің бірлігіміз бекем, ынтымағымыз берік болуға тиіс. Шынайы демократия әрбір азаматтың ортақ іске белсенді әрі саналы түрде қатысуын білдіреді.*

*Әрқайсыңыз біртұтас Қазақстан халқының ажырамас бөлшегісіз және тұтас ұлттың болашағына ықпал ете аласыз.*

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына үндеуінен**

## АУДАН ӘКІМІ ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

***Астрахан ауданының әкімі Нұрлан Сейілов мәдениет үйінің коворкинг залында жастармен кездесу өткізді. Бұл шара бейресми, еркін форматтағы пікіралмасу алаңы ретінде ұйымдастырылды. Кездесуге аудандық жастар ресурстық орталығының өкілдері, колледж студенттері, жастар ұйымдарының жетекшілері мен белсенді жастар қатысты.***

Кездесуге келген аудан әкімі Нұрлан Сейілов алдымен, аудан жастарының әр түрлі салада жеткен жетістіктер бөлісіп, 2023 жылға арналған жастар саясатын дамыту жоспарымен таныстырып, ауданда атқарылған жұмыстар туралы айтып берді. Сондай-ақ, өткен жүздесу барысында мемлекет тарапынан әрдайым қолдаудың барын айтып, Мемлекет басшысының өзі үлкен көңіл бөліп отырғанын атап өтті. Әр ел келешегінің кемел болуын жастармен байланыстырып, оларды «болашақтың тұтқасы» деп есептейді. Сондықтан жастардың молшылықта, еш алаңсыз өмір сүруі үшін бар жағдайды жасайды. Бұл ретте соңғы жылдары елімізде өскелең ұрпақ игілігі үшін атқарылған жұмыстар көл-көсір екенін айтпай болмас. Бүгінде жас қазақстандықтар әлемнің кез келген еліндегі қатарласымен терезесі тең. Әсіресе, елдің болашағы жастарды жан-жақты демеуде аудан әкімі жастарға мамандық таңдау да аса жауапкершілікпен қарауға шақырды. Бұл ретте, елдің алған бағытын ескеру керек деді.

Аудан әкімімен кездескен жастар, өз кезегінде түрлі сұрақтарын да қойды. Сауалдар негізінен жұмыс мәселесі, инновациялық жобалар мен идеялар бағытында, әлеуметтік жобаларға қолдау көрсету, кәсіпкерлікті қолға алған істерінің дамуына жағдай туғызу, жастардың кәсіпкерлікпен айналысуына, рухани, мәдени орындар мен қолжетімді спорт залдары төңірегінде болды. Барлығы да, жастардың атынан сөйлеп, оларды толғандырып жүрген сауалдарын қойды. Аудан басшысы жас ұрпақ өкілдеріне қатысты мәселелермен таныс екенін айтып, жауап қайтарды.





Кездесу барысында, аудан әкімі жастардың кәсіпкерлікпен айналысуына көп мүмкіндік бар екенін атап өтті. Сондықтан да, ел игілігі үшін еңбек ету керек деді. Сондай-ақ, жастар арасындағы тәртіпке көңіл бөлу керектігін де атап өтті.

Кездесуде аудандық білім бөлімі жанында құрылған «Jas pedagog» ассоциациясының мүшесі Зарина Ищанова ассоциацияның атқарылып жатқан жұмыстарымен бөлісті. Сонымен қатар, кездесуге қатысқан гір спорты бойынша Әлем чемпионы Жамбыл Оспанов өзінің жасына қарамай чемпион болу тарихын айтып берді.

Кездесу соңында аудан әкімі жастардың жетістіктерімен бөлісіп, студенттерге белсенді волонтерлік қызметтері үшін Ануарбек Сағындықов, Александр Бессонов, Виктор Снегурский, Евгений Скащенко, Максим Бакеновка алғыс хат табыстай отыра «Жастар» атты дене шынықтыру-сауықтынадыру спорт кешеніне абонементтер табыс етті. Аудан жастарының жеткен жетістіктеріне және алдағы уақытта көш басында болуына сәттілік тіледі.

**Арман ЖАПАРОВ.**

## ТВОРИ ДОБРО - ДРУГИМ ВО БЛАГО

БЛАГОТВОРИТЕЛЬНОСТЬ

***Благотворительность – это оказание безвозмездной помощи нуждающимся. Именно с этой целью в районном Доме культуры села Астраханка был проведен благотворительный концерт «Жаныңда жүр жақсы адам».***




Каждый человек, решивший однажды принять участие в благотворительности, не только получает уникальную возможность изменить мир вокруг в лучшую сторону, но и повысить ощущение собственных сил и способностей почувствовать прилив энергии и внутренней удовлетворенности. Обычные люди всегда могут с открытой душой, в любой момент, прийти на помощь нуждающимся. Они готовы помогать тем, кто оказался в сложной жизненной ситуации, особенно когда речь идёт о детях.

Собранные средства были вручены маме 6-ти месячного ребенка – Деркачева Эмиля Темерлановича, с диагнозом «Ущемленная паховая грыжа, странгуляционная кишечная непроходимость, некроз тонкой кишки, тромбоз сосудов правого семейного канатика, некроз правого яичка, наложения энтеростомы». Желаем маленькому Эмилю скорейшего выздоровления. Желающие оказать помощь могут перевести средства на карту Каспий банка: 4400-4301-3730-4884 (Алена Деркачева – мама Эмиля) тел.:8-776-072-82-72.

**Наш корр.**

## ОГРАНИЧЕНИЯ В ПОЛУЧЕНИИ КРЕДИТОВ И ЗАЙМОВ

***Мажилисмены во втором чтении одобрили законопроект «О восстановлении платежеспособности и банкротстве граждан Республики Казахстан». Депутат Дания Еспаева рассказала о последствиях, которые могут возникнуть после банкротства.***



В частности, для признанных банкротами казахстанцев предусматривается ограничение на получение займов и кредитов в течение пяти лет. Повторно применить банкротство эти граждане смогут только через семь лет. Также законопроект предусматривает установление запрета на выезд должнику за пределы страны в период проведения процедур судебного банкротства и восстановления платежеспособности.

- Еще раз хотелось бы отметить, что прохождение через названные процедуры должно быть волеизъявлением самого гражданина, то есть он сам должен подать это заявление. Иное лицо, государственный орган либо банк, не может подавать гражданина на банкротство. Это самая главная особенность закона,-отметила Еспаева.

Также закон устанавливает ответственность за преднамеренное обращение гражданина с заявлением о применении банкротства с целью ухода от исполнения своих обязательств перед кредиторами и за предоставление ложной информации либо ее сокрытие в рамках банкротства. Кроме этого, в сопутствующем законопроекте были приняты поправки, направленные на ужесточение регулирования коллекторской деятельности.

**По материалам Экспресс К.**

## КАК БУДУТ ПРОХОДИТЬ ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ СЕНАТА

**В Центральной избирательной комиссии рассказали, как и в какие сроки будут проходить выборы депутатов Сената Парламента, передает корреспондент Tengrinews.kz.**



**Выдвижение кандидатов** начнется 29 ноября и закончится в 18:00 по местному времени 14 декабря. Выдвижение продлится 16 дней.

**Регистрация кандидатов** продлится 26 дней - с 29 ноября по 18:00 24 декабря.

**На предвыборную агитацию** определили 19 дней - с 24 декабря по 00:00 13 января.

13 января - **день тишины**. 14 января - **день голосования.** До 20 января ЦИК объявит итоги выборов.

"Выдвижение кандидатов в депутаты Сената проводится двумя способами:

1. На сессиях областного, городов республиканского занесения и столицы, районных маслихатов. На них политические партии и иные общественные объединения через представителей маслихатов предлагают кандидатуры в депутаты Сената Парламента. При этом от нескольких маслихатов может быть выдвинут и один кандидат;

2. В порядке самовыдвижения.

Кандидат должен быть поддержан не менее чем 10 процентами голосов от общего числа выборщиков, представляющих все маслихаты области, маслихат города республиканского значения или столицы, но не более чем 25 процентов голосов выборщиков от одного маслихата. Поддержка выборщиков удостоверяется сбором подписей, каждый выборщик вправе поставить свою подпись в поддержку только одного кандидата в депутаты Сената", - сообщил на заседании член ЦИК Константин Петров.

Подпись после регистрации кандидата отзывается только на основании решения суда. В списки выборщиков входят все депутаты маслихатов, расположенных на территории области, города республиканского значения или столицы.

Регистрация кандидатов в депутаты Сената начинается при наличии следующих документов:

• решение маслихата о выдвижении кандидата в депутаты, в случае если кандидат выдвигается маслихатом;

• заявление о согласии баллотироваться кандидатом в депутаты, если он выдвигается от маслихата;

• заявление гражданина о намерении баллотироваться кандидатом в депутаты в случае его самовыдвижения;

• биографические данные кандидата;

• протоколы территориальных избирательных комиссий о результатах проверки подписей выборщиков в поддержку кандидата;

• справки органа государственных доходов о сдаче кандидатом и его и ее супругой или супругом декларации о доходах и имуществе;

• документы, удостоверяющие внесение кандидатом избирательного взноса. На сегодня он составляет 900 тысяч тенге, что определено Конституционным законом как 15 минимальных заработных плат.

---

## 2023 ЖЫЛДАН БАСТАП ДЕКРЕТТЕГІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ АЛАТЫН ЖӘРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ



**2023 жылдан бастап бала күтіміне берілетін жәрдемақы бір жастан бір жарым жасқа дейін ұлғайтылады. 2022 жылы дүниеге келген балалардың жәрдемақысы автоматты түрде алты айға созылады. Назарларыңызға 2023 жылдан бастап декреттегі әйелдердің алатын жәрдемақы мөлшерін ұсынамыз.**

Декрет Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2020 жылы елімізде 400 мыңнан аса бала дүниеге келген. 2021 жылы жаңа туған нәрестелер саны рекордты жаңартып, бірден 446,5 мың балаға жетті. Алайда 2022 жылдың қаңтар-тамыз айларында дүниеге келген бүлдіршіндер саны 260 мыңнан асты. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 11%-ға аз.

Декреттік демалыстағы әйелдерге қарастырылған жәрдемақылар

Аналарға негізінен екі түрлі жәрдемақы қарастырылған. Бірі – бала туғанда берілетін бір реттік жәрдемақы, ал екіншісі – бала бір жарым жасқа келгенше төленетін әлеуметтік төлем.

Ал егер әйел осы уақытқа дейін жұмыс істеген болса, біржолғы декреттік төлем алуға құқылы. Ол жүктілік пен бала босануына байланысты табысынан айырылғаны үшін беріледі.

Бала туғанда берілетін бір реттік жәрдемақы

Бірінші, екінші және үшінші балаға – 38 АЕК, яғни 131 100 теңге;

Төртінші және одан кейінгілерге – 63 АЕК немесе 217 350 теңге.

Егер дүниеге егіз немесе үшем келсе, жәрдемақы әр сәбиге бөлек төленеді.

Бала күтіміне берілетін жәрдемақылар

Мемлекет президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйектегі Жолдауында декреттегі аналардың жәрдемақы алу мерзімін ұзартуды тапсырған еді. Соған сәйкес, бала күтіміне берілетін жәрдемақы бір жастан бір жарым жасқа дейін ұлғайтылды. 2022 жылы дүниеге келген балалардың жәрдемақысы автоматты түрде алты айға созылады.

Бала күтіміне берілетін жәрдемақы мөлшері:

бірінші бала үшін – 5,76 АЕК немесе 19 872 теңге;

екінші бала үшін – 6,81 АЕК, яғни 23 495 теңге;

үшінші балаға – 7,85 АЕК немесе 27 083 теңге;

төртінші және одан кейінгі балаларға – 8,9 АЕК немесе 30 705 теңге.

Бала босанғанға дейін жұмыс істеген әйелдердің алатын жәрдемақысы бөлек есептеледі. Ол соңғы екі жылдағы табысына байланысты болады. Оны білу үшін екі жылда жинаған жалпы табысын 24-ке бөліп, орташа жалақысын 0,4-ке көбейту керек. Шыққан мөлшерден 10% зейнетақы жарнасын алып тастаймыз.

(Екі жылда жинаған табыс/24) *0,4 – 10%

Егер әйел осыған дейін орташа есепппен 200 000 теңге жалақы алса, онда оны 0,4-ке көбейтеміз. 200 000*0,4= 80 000 теңге. Одан 10% зейнетақы жарнасы алынады, демек 8 000 теңге. Сонда екі жыл 200 000 теңге айлық тапқан әйел бала күтіміне 72 000 теңге алады.

Ал мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-анаға 56 794 теңге төленеді.

Декреттік төлем қалай есептеледі?

Декреттік төлемдердің мөлшерін egov.kz-тегі формула арқылы есептеуге болады. Ол үшін әйелдің орташа айлық табысы 7 ЕТЖМ-нен (ең төменгі жалақы мөлшері) асатын-аспайтынын анықтап алу керек. 2023 жылы ең төменгі жалақы мөлшері 70 000 теңгеге жетті. Демек оның жалақысы 490 мың теңгеге дейін болса, айлық табысын еңбекке жарамсыз болған күндерінің коэффициентіне көбейтіп, 10% зейнетақы аударымын шегеру қажет.

Еңбекке жарамсыздық коэффициентін анықтау үшін декреттік демалыс күндерін 30-ға бөледі. Егер әйел 126 күнге декреттік демалыс алса, онда коэффициент 4,2-ге тең. Мысалы, әйел айына 250 000 теңге жалақы алған.

250 000*4,2 = 1 050 000 теңге

Осы сомадан зейнетақы жарнасына 10%, яғни 105 000 теңге алынады. Сонда декреттегі әйелдің шотына 945 000 теңге түседі. Оның формуласы мынадай: Орташа айлық табыс*(декреттік демалыс күні/30) - 10%

Егер әйелдің орташа айлық табысы 490 мың теңгеден асса, онда тек жеті ең төменгі жалақы ғана есепке алынады.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап максималды декреттік төлем 1 852 200 теңге болады.

Декреттік демалысты тағайындау

Жүктілік және босану бойынша демалыс (декреттік демалыс) ҚР еңбек кодексіне сәйкес рәсімделеді. Жүктіліктің алғашқы апталарынан бастап болашақ аналар әйелдер консультациясында есепке алынады, онда оларды дәрігер бақылайды.

Декреттік демалыс пен әлеуметтік төлемдер алу үшін жүктілік және босану бойынша аурухана парағы болуы тиіс. Оны акушер-гинеколог немесе дәрігер мен бөлімше меңгерушісі береді. Содан кейін ол парақта жазылған мерзімді көрсетіп, жұмыста өтініш жазады. Өтініш пен аурухана парағының көшірмесі негізінде декреттік демалыс туралы бұйрық шығады.

Декреттік демалыс жүктіліктің 30 аптасынан бастап тағайындалады, тек ядролық сынақтарға ұшыраған аумақтардың тұрғындары үшін - 27 аптадан бастап.

Декреттік демалыс 126 күнге созылады: босанғанға дейін 70 күнтізбелік күн және босанғаннан кейін 56 күнтізбелік күн. Алайда босану барысында асқынулар байқалса, декреттік демалыс уақытын ұзартуға болады.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындауға қажет құжаттар

Бала күтімі бойынша берілетін жәрдемақыны алу үшін туу туралы куәлікте көрсетілген туған күнінен 12 айдан кешіктірмей құжаттарды халыққа қызмет көрсету орталығына тапсыру керек.

Құжаттар тізімі:

• өтініш;

• жеке басын куәландыратын құжат;

• баланың туу туралы куәлігі не туу туралы актілік жазбадан үзінді;

• банк шотының нөмірі.

Оны онлайн режимінде egov.kz арқылы да беруге болады, ол үшін Басты – Азаматтарға – Отбасы – Қамқоршылық – Қолдау алгоритмін қолдану керек.

Егер баланы асырап алса, онда қосымша қорғаншылық немесе қамқоршылық органы берген сот шешімінен үзінді көшірме қажет. Баланы асырап алғанын растайтын құжат қажет. Егер құжаттарды үшінші тұлға тапсырса, нотариалды куәландырылған сенімхат талап етіледі.

Біржолғы декреттік төлемдерді алуға қажет құжаттар

• өтініш;

• жеке басын куәландыратын құжат;

• жүктілік және босану бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық парағы;

• банк шотының нөмірі.

Жеке кәсіппен айналысатындар жеке кәсібінің мемлекеттік тіркеу туралы құжат пен салық төлеушінің дербес шотынан есеп айырысулардың жай-күйі туралы үзінді көшірме әкелуі тиіс.

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалының әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша Астрахан аудандық бөлімі.**

---

## ХАЛИФА АЛТАЙДЫҢ ТУҒАНЫНА 105 ЖЫЛ



**1933-1938 жылдары Қытайдағы қуғын-сүргінге байланысты ел-жұрты Баркөл, Гансу, Цинхай аймағына қоныс аударған. 1940 жылдардағы дүрбелең Халифа Алтайдың өміріне де тікелей байланысты. Бұл көш үш лекке бөлінген. Бірінші бөлімі – Елісхан батыр бастаған, екінші бөлімін Зуха батыр қажының баласы Солтаншәріп бастаған, Құсайын тайжы елдің бір бөлегін алып Гаскөл деген жерге кетеді. Ал, төртінші бөлімі екі жылдай сандалып, кейін Баркөл, Шонжы, Нориға қайтады. 1950 жылдың соңына қарай Солтаншәріп, Құсайын тайжы бастаған көш Гималайдың солтүстігінен Тибет заңғарынан асып, 1951 жылы Кашмир өлкесіне табан тірейді.**

1952 жыл Араб, урду тілдерін білген Халифа Алтай алғашында Пәкістанның Пешавар қаласында қызмет етеді. Сонда құрылған «Шығыс түркістандық қазақ көшіп келушілері қоғамының» жауапты хатшысы болады. Ал 1953-1954 жылдары Пәкістандағы қазақтардың Түркияға көшін ұйымдастырған қайраткер ретінде танылды.

Алтай асып, Гималайдан өткен қатерлі де қайғылы көш басынан сан түрлі жағдайды өткерді. Жан сауғалап жүріп қашты, қашып жүріп соғысты, соғысып жүріп ауруға шалдықты. Көш ақырында Түркияға жетіп орнықты. Түрік жазушысы Исмаил Шынғыз: «Түркия қазақтарының көші қозғалғанда 20 мың адам еді. Содан 2 мың адам Түркияға тірі жетті. Бұл – үлкен трагедия» деген деректі келтіреді.

Алтай Халифа Түркияда шығармашылықпен айналысып, Шығыс Түркістаннан басталған азапты сапар туралы «Естеліктерім», «Атажұрттан Анадолыға дейін», «Алтайдан ауған ел» атты өмірбаяндық кітаптар жазды. 1977 жылы Ыстамбұлда «Қазақ түріктерінің шежіресі» атты зерттеу еңбегін шығарған. Халифа Алтайдың 1991 жылы тарихи отаны Қазақстанға біржолата көшіп келуінің өзі сол уақытты маңызы зор айшықты оқиға болған. Журналист Ұларбек Нұрғалымұлы ғұлама діндардың Қазақ елінің азаттық алу сәтіндегі көңіл күйін былайша сипаттайды. «1991 жылы желтоқсан айының ортасында Ыстамбұл көшесінде келе жатып, көпшілік радиодан «Бүгін Қазақ елі тәуелсіздік алды, жер бетінде Қазақстан деген дербес мемлекет пайда болды!» деп түрік тілінде саңқылдап жатқан дауысты естиді. Естиді де, егіліп жылайды. Сол тұрған жерінде құбыланы тауып алып, сәждеге кетеді. Жаратқан Иеден: «Иә, Аллам, қазақ деген халыққа ақыры еркіндік келді-ау, абырой бердің-ау! Айбарлы мемлекет қыла гөр! Ғұмырлы қыла гөр!» деп дұға тілейді. «Қуаныштан ыршыған көз моншақтарым тас еденге тырс-тырс тамады. Сәжде қылған жерімде ұзақ жатып қалыппын» деп естелік айтып еді ақсақал».

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Халифа Алтай Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қолдауымен атажұртқа қоныс аударды. Халифа Алтай – Қазақ елінде үлкен беделге ие болған ірі тұлға. Дін қайраткері ретінде оның 1991 жылы аударған «Құран Кәрімнің қазақша мағынасы мен түсінігі» Фахд баспаханасында басылып, 800 мың данамен таратылды. Сондай-ақ Дүние жүзі қазақтары қауымдастығының жанынан құрылған «Инабат» имандылық тәрбие орталығының төрағасы болудан бөлек, Ислам дінін уағыздап, діни кітаптар аударып, таратуға еңбек сіңірген. 1995-2000 жылдары Қазақ радиосынан әр жұма сайын ислам дініне байланысты арнайы хабар жүргізді. Жазушы-драматург Сұлтанәлі Балғабаев қадірлі қарияның ел ішінде зор абыройға ие болған айтулы тұлға екенін жазады: «Мен Халифа Алтай ақсақалмен Қазақстанның біраз жерін араладым. Жұртшылықпен кездескен көптеген сәттерін өз көзіммен көрдім. Міне сондай кезде қай жерге барсақ та, кімдермен кездессек те, жиналған жұрттың бәрі Халифа ақсақалды айрықша қадір тұтатынын, ол кісіні бір көріп, сөзін тыңдағанды ерекше уақиға деп бағалайтынын байқадым. Халифа Алтай ақсақал келе жатыр десе, ауылдағылар тайлы-таяғы қалмай алдынан шығатын, кездесулер өткізетін жерге жұрт лық толып сыймай кететін. Тіпті, күн сайын қарбалас тіршіліктен қолдары босамай жататын аудан, облыс басшылары да Халекеңнің хабарын естісе, барлық жұмыстарын жинап қойып, құрметті ақсақалға сәлем беруге келетін».

Халифа Алтай өмірінің соңғы кезеңінде біржола шығармашылық жұмыстармен айналысты. «Сияри Нәби» (Хазірет пайғамбар Ғалаһиссаламның өмірбаяны) еңбегін шығарып, 1911 жылы Қазан қаласында «Ел-Итқан» деген атпен татар тілінде шыққан кітапты қайта қарап, қалыпқа келтіріп бастырды. Аударма саласында да өнімді еңбек етіп, діни, имани кітаптардың қазақ оқырмандарына жетуіне септесті. Айталық, «Бір жылдың 48 жұмасы мен екі мейрам құтпасы», «Қысқаша ислам тарихын» атты кітапты қазақшаға аударып шықты. «Ғибадатул ислам», «Құран әліппесі және имамның шарттары», «Иманшарт», «Ғылымхал» (Діни қағидалар), «Таңдаулы хадистер» секілді зәру тақырыптарда 11 діни кітап жазып, елінің рухани-діни кеңістігіндегі білімін толықтыруға ерік-жігерін сарқа жұмсады. Халифа Алтай – әдебиет тарихында халықаралық «Алаш» сыйлығын алғаш иеленген қаламгер. Сонымен қатар оны «Түрік әлемінің ғұламасы» деп жоғары бағалаған. Ақыл-парасатымен жұртқа жаққан, халқына қадірлі, еліне шапағатшыл болған қария 2003 жылы 86 жасында Алматы қаласында өмірден өтті. Қазақстандағы Ислам дінінің таралуына баға жетпес еңбек сіңірген Халифа Алтай есімі республика бойынша сыйымдылығы жағынан үшінші орын алатын Өскемен қаласындағы үлкен мешіт пен Алматы облысының Қырғауылды ауылындағы жаңа мешітке берілді.

**Заңғар КӘРІМХАН.**

# ПРИЗВАНИЕ ДАРИТЬ ЛЮДЯМ РАДОСТЬ

**В селе Астраханка уже более 30 лет дарит радость зрителям со сцены вокально – инструментальный ансамбль районного Дома культуры под руководством Кузьменко Александра Ивановича.**

Шли годы, менялся репертуар песен, но всегда на концертах этот коллектив собирал полный зал. Также за время работы менялся и состав коллектива. Коллектив всегда был на сцене, всегда был в центре внимания своих зрителей. Наши артисты участвовали в разных смотрах и мероприятиях, где всегда их встречали с радостью. В данный момент в составе ансамбля Кульшарипов Марат - бас гитара, соло, Генадий Леонович - ритм гитара, соло, Джангильдин Сабит - гитара, соло, Кузьменко Александр - клавишные.

20 декабря состоялся творческий вечер вокально-инструментального ансамбля. Вступительное слово было предоставлено акиму Астраханского района Сеилову Нурлану. Он поблагодарил коллектив ансамбля Астраханского Дома культуры, за многолетний вклад и творческую деятельность во благо села Астраханка и всего Астраханского района. Пожелал коллективу крепкого здоровья и дальнейших творческих успехов. На сцене были вручены грамоты и подарки всем участникам музыкального коллектива. Все внимание было обращено к имениннику и виновнику торжества Джангильдину Сабиту. В данный коллектив он пришел в 2004 году. Это очень талантливый, творческий человек. Отличный семьянин, внимательный отец двоих детей и дедушка замечательных внуков. Всю свою творческую деятельность он и сегодня, выходя на заслуженный отдых, связывает с родным коллективом. Как обычно и бывает, что в музыкальной, творческой семье все таланты и способности от своих родителей перенимают дети. Вот и сегодня, дочь Асель, поздравила отца, исполнив песню «Золотая осень». Также имениннику подарили свой музыкальный номер коллектив Жалтырского Дома культуры под руководством Колос Анны Васильевны. Также в подарок именинику был музыкальные номера в исполнении трио музыкальной школы села Астраханка под руководством Мухамеджановой Зауре, Саркенова Аманжола, Арбашова Бакытжана. Было исполнено очень много прекрасных песен, которые в очередной раз порадовали односельчан. Также было сказано много теплых слов и пожеланий в адрес именинника от заслуженного педагога, ветерана педагогического труда села Астраханка Т. С. Бреншиновой, которая приехала на данное мероприятие к своему ученику. Руководитель ансамбля Кузьменко Александр Иванович поблагодарил ведущую концертной программы Досмуханову Айман, которая тоже приехала, благодаря этому праздничному случаю ,поздравить именинника, с которым они работали вместе не один год. Также Александр Иванович от лица всего коллектива поздравил всех односельчан с наступающим Новым годом и пожелал всем крепкого здоровья, семейного счастья и благополучия. По окончанию концерта вокально-инструментальному ансамблю зал аплодировал стоя. Судя по реакции зала настроение у всех было на высоте. А для артистов это и есть самая лучшая награда!







**Ирина ГОРБАТЕНКО.**

# ҮЛКЕН ПАРАСАТ ИЕСІ



**Менің бүгінгі күні қолыма қалам алуыма себеп болып отырған жай, ол - Көгершін Әйтімқызының 70 жылдық мерейтойы. Аудан жұртшылығы ол кісіні төл газетіміздің тілшісі, редактордың орынбасары қызметін он екі жылдан аса үлкен абыроймен атқарғанын біледі. Көгершін апай қолына алған қаламын – қасиетті деп танып, адамның және адамзат жасаған қоғамның мың түрлі бояуын, сенімдері мен армандарын, қайғысы мен қуанышын, жан дүниесіндегі арпалыс пен өзі де түсіндіре алмас сезім иірімін тек қаламмен ғана дәл бейнелеуге боларын да осы жылдарда анық та айқын көрсете білді. Әр қаламгердің өзіндік мәнері, көзқарасы, қиялы, танымы, жазу машығы мен дағдысы шығармасына әсер етпей қоймайтыны да ақиқат... Міне, бүгінгі мақала бір қарағанда қатал да бірбеткей көрінетін осы бір жаратылысы нәзік жан болғанымен ер мінезді, шындықты бетке айтатын, өмір жолында талай ауыр да азалы сынақтардан мойымай өткен Көгершін Әйтімқызы жайында. Бүгінгі мерейтойы кезінде бізде еңбек етпегенімен, бұл кісі қашанда айтар ақылы бар, үлкен парасат иесі болғандықтан да өз сапымызда.**

**Осы аудандық газеттен зейнеткерлікке шыққан ардагеріміз.**

Өзі туған жерден мектеп бітірген соң оқу қуып кеткен бүлдіршін қыз араға отыз жылдан аса уақыт салып, бүгінде марқұм болған өмірлік жолдасының ауыр сырқаттың құрсауында қалуына байланысты, оралғанда елу жасты еңсерген, балалары есейген, қайын ене, ақ әже атанған шағы еді.

Сонау мектеп қабырғасында жүргенде-ақ «Тың өлкесі», «Арқа ажары» газеттерінің штаттан тыс тілшісі болған бұл апай сол кездері алғашқы өлеңдерін, шағын мақалаларын газет бетіне шығарып жүреді.

Аудандық «Маяк» газетіне тілші болып орналасқан уақыттан бастап, адами құндылықтарды биік ұстанатын Көгершін Әйтімқызының ауданның Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің, тыл еңбеккерлерінің, ауған соғысының батыр жауынгерлерінің, еңбек ардагерлерінің, ұстаздардың, дәрігерлердің, т.б. өмірі мен әлеуметтік жағдайы туралы мақалалары газетіміздің әр нөмірінен табылатын. Жалпы, Көгершін Әйтімқызы аудан көлеміндегі сан түрлі маңызды мәселелерді көтеріп, сол газет бетінде жарияланған мәселелердің оң шешімін табуға ат салысатын. Осы апайымыз аудандық газетіміздің беттерінде ана тіліміздегі мақалалар көп болуы үшін де көп еңбек етті. Ал, әкімшілік пен мәслихаттың, басқа да аудандық бөлімдердің ресми ақпараттарының барлық ережеге сай болуын, мемлекеттік тілдегі ақпараттарда еш қателік болмауын қатаң қадағалайтын еді. Көгершін Әйтімқызы еңбек еткен уақытта газет бетінде «Имандылық ишараттары», «Ғибрат», «Әдемі қартая білесіз бе», «Жанында жүр жақсы адам», «Оқырман хат жазады», «Салт дәстүр» т.б. көптеген айдарлар ашылған болатын. Қашанда ар намысты бәрінен жоғары қоятын апайымыз газет бетінен ұлттық салт - дәстүріміз бен әдет - ғұрпымызды ұлықтауда ешнәрседен тайсалмауымыз керек екенін, әсіресе, қыз - келіншектердің рухани жұтаңдықтан құлазып бара жатқандығын айтып, барған жерінің бәрінде ұлттық рухымызды биік ұстау қажеттігін жазды да, айтты да. Бұл жайында көзі ашық, көкірегі ояу оқырман жақсы біледі.

Ал, бүгінде біздің еңбек ардагеріміз Көгершін Әйтімқызы облыс орталығы Көкшетау қаласында тұрады.

МЕРЕЙТОЙ

*Ол – ана! Ойы ізгі, нық қадамы,*
*Мейірімді жанарынан*
*от жанады...*
*Қайрат пен ақыл ойдың*
*жүгін жиып,*
*Тәңір берген әр күніне*
*шаттанады!*
*Ардақтап ата-дәстүр,*
*салт-сананы,*
*Жылылық жүрегіне сақтағаны.*
*Ұрпағың үлгі тұтып өміріңді*
*«Анашым», «Әжетай»*
*деп мақтанады...*

Иә, шынында да, Көгершін Әйтімқызы бүгінде балаларынан 6 немере, 1 шөбере сүйіп отырған ардақты ана, ақылды ене, асыл да аяулы әже. Осыдан үш жылға жуық бұрын қатал тағдыр жалғыз ұлын жалмағанда да, ауыр қайғыдан тізе бүкті, бірақ жығылмады. Алланың берген күш қуатының арқасында, жеті, сегіз ай аяғы жүрмей қалса да, бойын тіктеді, тұрды. Бойындағы күш қайраты қайта қоймаған, жаны сергек, қимылы ширақ. Әрқашан пейілі кең, көңілі таза, турашыл апайымызға осы бір газет бетін пайдалана отырып: жасай беріңіз, жаны жайсаң Көгершін Әйтімқызы! Сіздің қашанда жасы кіші болса да ер азаматтың қасында «бетегеден биік, жусаннан аласа» қалтқысыз қалпыңыз бен көркем мінезіңізге, ыстық ықыласыңызға, әрдайым қолұшын беретін көрегендігіңізге тәнті екенімізді де жасырмаймыз. Алла сізге жар болып, имандылығыңыздан, шындығыңыздан ешқашан айырмасын! Қашанда ұрпағыңыздың қасында, Тәңір берген биіктерден табыла беріңіз!

**Мейрам ҚОЖАХМЕТ,**
**аудандық мәслихат хатшысы.**



# ГДЕ РОДИЛСЯ - ТАМ И ПРИГОДИЛСЯ

НАШИ ЮБИЛЯРЫ

**Свое 65-летие в этом году отмечает Заморский Михаил Дмитриевич. В родном селе Акимовка, его знают и почитают как хорошего строителя, специалиста, знающего свое дело. Михаил Дмитриевич занимает должность заведующего производственным участком. В данный момент в селе строится новая центральная столовая, теплые боксы для техники. Множество домов и объектов в селе строилось под его чутким руководством.**



В 1957 году в селе Акимовка в большой и дружной семье Заморского Дмитрия Дементьевича и Анны Евсеевны родился пятый ребенок. Всего детей было шестеро. Рос обычным, трудолюбивым ребенком. Как и все дети, в свои семь лет пошел в школу. Закончив десять классов, поступил в Целиноградский строительный техникум. Затем была служба в рядах Советской Армии с 1976-1978 годы, в ракетных войсках г. Кривой Рог. После армии продолжил учебу, и закончив техникум, вернулся в родное село. Работал сначала строителем, затем стал мастером участка. Со своей супругой, Заморской Ниной Николаевной, поженились в 1982 году. За 40 лет счастливой семейной жизни воспитали троих детей , и в данный момент эту семейную пару радуют уже пять внуков.

- Михаил Дмитриевич, хочу спросить у вас, делясь своим жизненным опытом, что бы вы хотели сказать нашему молодому поколению?

- Прежде всего, хочу пожелать всем крепкого здоровья и мирного неба над головой. Чтобы могли ставить перед собой цели и идти к ним любой ценой, достигать поставленных вершин и никогда не останавливаться на достигнутом. Потому что, когда человек ставит перед собой какую- либо цель, то он тут же и строит планы к её достижению. И как только он достиг желаемого, нужны новые цели и рубежи. В этом и заключается весь смысл жизни. Хотелось бы, чтоб наша молодежь, получив образование, возвращались в родное село и продолжали дело своих родителей.

Мы от всей души благодарим Михаила Дмитриевича за теплую беседу, поздравляем с днём рождения и желаем крепкого здоровья, семейного благополучия, успехов и удачи во всех начинаниях.

**Ирина ГОРБАТЕНКО.**

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

# МЕДИАЦИЯ ТУРАЛЫ



**«Медиация» термині латынның «mediare», делдалдық ету деген сөзінен шыққан. Медиация — үшінші, бейтарап, әділ, жанжал нәтижесіне мүдделі емес тараптың қатысуымен өтетін дауларды реттеудің баламалы жаңа түрі.**

Аталған үшінші тарап ретінде медиаторды танимыз, ол дауды немесе сотта қаралатын істің қатысушыларының белгілі бір келісімге келуіне көмектеседі, сонымен бір мезгілде тараптар дауды реттеу мен оны шешудің



шарттары жөнінде шешім қабылдау үдерісін толығымен бақылап отырады.

Медиация азаматтық, еңбекке қатысты, отбасылық және басқадай құқықтық қатынастарға байланысты, сондай-ақ ауырлығы шағын және орташа қылмыстық істер жөнінде туындаған дауларда қолданыла алады. Азаматтар, сондай-ақ заңды тұлғалар медиацияға бөлсенді түрде жүгінген жағдайда сот жүйелеріне түсетін ауыртпалықты айтарлықтай жеңілдетіп, соның арқасында анағұрлым ірі істердің шешілу сапасын арттыруға болады. Халықаралық статистикаға сәйкес, барлық даулардың 30-40 % медиация рәсімінен өтеді, олардың 85 %-нда оң нәтижелерге қол жеткізілген.Қазақстанда «Медиация туралы» Заң 2011 жылдың 5 тамызында күшіне енді. Бұл заң ҚР медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ, медиатордың мәртебесін айқындайды.

Медиацияны жүргізу қағидаттары: еріктілік; құпиялық; өзара сыйласушылық; тараптардың тең құқылығы; медиатордың бейтараптығы мен әділдігі; рәсімнің ашықтығы.

**Ж.ИМАНКУЛОВА,**
**Астрахан аудандық сотының бас маманы.**

# ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

**Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министірлігі Ветеринниярлық бақылау және қадағалау комитетінің Астрахан аудандық аумақтық инспекциясы Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру» мемлекеттік қызмет көрсетеді.**

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны - электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге немесе порталға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 2 (екі) жұмыс күні ішінде орындалуы тиіс. Дайын сүт, май және балық өнімдеріне ветеринариялық сертификат беру кезінде -өтініш берген күні.

Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

***Көрсетілетін қызметті алушы (не оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:*** **көрсетілетін қызметті берушіге:**

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттілігін растайтын құжат (сәйкестендіру үшін);

3) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты тасымалдау кезінде – сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) көшірмесі;

4) иттер мен мысықтардың орнын ауыстыру (тасымалдау) кезінде – ветеринариялық паспорт көшірмесі;

5) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге немесе үшінші елдерге (Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері болып табылмайтын мемлекеттер) әкету мақсатында республиканың бір әкімшілік-аумақтық бірлігінен республиканың басқа әкімшілік-аумақтық бірлігіне орны ауыстырылған (тасымалданған) объектілердің орнын ауыстырған (тасымалдаған) кезде және/немесе республиканың бір әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің иесі ауысқанда – ветеринариялық анықтама (ақпараттық жүйеде болмаған жағдайда);

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

6) ветеринариялық сертификат бланкісі үшін ақы төленгенін растайтын құжатың көшірмесі.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер: 1) жануарлардың аса қауіпті және жұқпалы аурулары бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектісінің шығу (болу), жүру (бағыты) және (немесе) келу (межелі пункт) орнының эпизоотиялық ахуалының нашарлауы;

2) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектісінің қауіпсіздігі мониторингінің нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне төнетін қатердің расталуы;

3) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарын бұзушылықтың анықталуы;

4) ветеринариялық сертификатты алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;

5) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған құжаттардың, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің, көлік құралдарының, дерек-тердің және мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

6) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты ветеринариялық сертификат алуға байланысты қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі-ветеринариялық сертификат не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту.

Осы Мемлекеттік қызметтер бойынша туындаған сұрақтар бойынша Астрахан аудандық аумақтық инспекцияға хабар-ласуға болады тел. 2-28-08.

**Н. ГОНЧАРОВА,**
**ҚР АШМ ВБжҚК Астрахан аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы.**

# СВЕТСКОСТЬ:
## В ЧЕМ ЕЕ АКТУАЛЬНОСТЬ ДЛЯ ОБЩЕСТВА? МНЕНИЯ ЭКСПЕРТОВ

**ТЕКУЩИЙ 2022 ГОД В КАЗАХСТАНЕ НАСЫЩЕН РАЗНЫМИ СОБЫТИЯМИ, ВСКОЛЫХНУВШИМИ ПРАКТИЧЕСКИ ВСЕ КАЗАХСТАНСКОЕ ОБЩЕСТВО В ЦЕЛОМ.**




Январские события, пожары в Костанае, уголовные расследования, военные конфликты во всем мире, президентская гонка, ЧП в Экибастузе и многое др. и все эти события в один долгий Год.

Единственная сфера, которая осталась практически незамеченной для СМИ остается религиозная сфера, единственным большим мероприятием текущего года стало проведение VII-Съезда лидеров мировых и традиционных религий, а дальше опять информационная тишина. Однако в этой тишине заинтересованные государственные органы ведут работу по разъяснению актуальных вопросов религиозной сферы, а именно пропаганды светскости и светского образа жизни, а также профилактики религиозного экстремизма и терроризма и т.д. среди населения Казахстана.

В данном материале мы попытались рассмотреть мнения отечественных экспертов и религиоведов по теме важности понятия и сохранения светскости в казахстанском обществе.

- Образ светского верующего гражданина – это прежде всего законопослушный гражданин, чтящий, хранящий традиции, обычаи своего народа и имеющий отрицательное отношение к радикальной деструктивной религиозной идеологии. Мы должны понимать, что принцип управления государством, основанным на светских началах, является уникальной и единственной моделью управления в многоконфессиональном и полиэтничном государстве, коим сегодня является Казахстан. Моделью, которая обеспечивает, помимо духовного развития общества, позитивный прогресс во всех различных отраслях страны: науке, культуре, образовании и пр. Не нужно отождествлять атеизм со светскостью. Конституция Республики Казахстан гарантирует право на свободу вероисповедания. Президент страны четко сказал, что «светское не значит атеистическое».

